

Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасы «Білім беруді дамыту орталығының» «Тілдерді дамыту» кафедрасының әдіскері Аблаева Ақмарал Еламанқызы



«Білім алушылардың білім олқылықтарын жоюдың тиімді жолдары»

2021-2022 оқу жылының өзекті міндеттерінің бірі -өткен оқу жылындағы білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау және білімін толықтыру болып табылады. Олқылықтарды анықтау және толықтыру бойынша жұмыс әр мұғалім қызметінің ажырамас бөлігі болуы тиіс. Әрине, бұл жұмыс маңызды және өте күрделі. Сондықтан білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау және жою бойынша іс-шараларды жүйелі және жоспарлы түрде жүргізу қажет.

Оқушылар біліміндегі олқылықтарды анықтау, оқыту процесіне түзету енгізу, әрі қарай оқытуды жоспарлау, үлгермеушілікті жоюға бағытталған ұсыныстар:

- 1.Іскерлік және дағдыларды қалыптастыру міндеттері
- 2.Білімді бекіту жетілдіру міндеттері
- 3.Білімді қорыту міндеттері
- 4.Оқытудағы диагностика
5. Білімді жүйелеу

1-қадам.

Олқылықтарды анықтау.

Диагностика жүргізу. Диагностикадан кейін оқушылардың біліміндегі олқылықтарды деңгейіне қарай күрделіден қарапайымға дейін жіктеп, бөлу.

2-қадам.

Уақытты белгілеу. Анықталған олқылықтардың деңгейіне қарай оған жұмсалатын уақытты жоспарлау. Бір тақырыпқа бірнеше сағат бөлу не керісінше бір сабақтың ішіндегі белгілі бір уақыт жеткілікті болуы мүмкін. Мысалы, 6-сыныпта алдыңғы тақырыптардың мазмұнына назар аудара отырып,қайталамау жағын қарастыру.

3-қадам.

Оқыту әдісін таңдау. Білімдегі олқылықтарды толықтыру бойынша шараларды таңдау үш факторға байланысты:

- өткізілетін материалдың көлемі;
- жоспарланған уақыт мөлшері;
- баланың жас және жеке ерекшеліктері.

Білімдегі олқылықтарды толықтыру жұмыстарының формалары.

1. Өзіндік жұмыстар.

Тақырыпты және тапсырманы түсіндіре отырып, өз бетінше ізденуге тапсырма беру;

2. Нақты мақсатқа бағытталған әрекеттер жасау.

Егер жекелеген оқушы немесе сыныптағы шағын топ қолдауды қажет етсе, нақты мақсатқа бағытталған қысқа сессиялар ұйымдастыру қажет.

3. Сыныпты толық оқыту

Егер бүкіл сыныптың қажеттіліктері немесе олқылықтары шамалас болса, бұл көп уақытты қажет етеді, бірақ білім алушылардың басым бөлігін қамтиды.

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша нұсқаулықпен таныстырып, әр пәнінің бөлімдері бойынша қиындық тудыратын мақсаттарды анықтап, білім алушылардың бастапқы білім деңгейін анықтау мақсатында бақылау жұмыстарын әзірлеп, өткен оқу жылындағы қиын тақырыптар мен мақсаттарға баса назар аудару бойынша іс-шаралар ұйымдастыру керек.

Өткен оқу жылдарындағы пәннің оқу бағдарламасының оқу мақсаттары бойынша әкімшілік диагностикалық бақылау жұмысын жүргізу барысында, бақылау жұмысының нәтижесін талдау арқылы, білім алушылардың білімінде туындаған қиындық тудыратын мақсаттарды (тақырыптарды) анықтаймыз. Пән мұғалімдерінің оқу мақсаттарын (өткен оқу жылындағы тақырыптар бойынша) кіріктіруін қадағалай отырып, білімінде олқылықтар бар білім алушылар тобын анықталады.

Ал енді жоспарлауға келетін болсақ:

1. Пән мұғалімдерінің білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды ескере отырып, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауын қарау

2. Пән мұғалімдерінің сәйкес келетін тақырыптар мен оқу мақсаттарын анықтағаннан кейін қысқа мерзімді сабақ жоспарларын мақсаттарды үйлестіре, кіріктіре отырып әзірлеуін берілетін тапсырмалар түрін бақылау.

3. Жаңа бағдарламаға сәйкес келмейтін өткен оқу жылдарының күрделі тақырыптары мен оқу мақсаттары бойынша білімінде олқылықтары бар оқушылардың тізімін жасау және топтастыру

4. Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жою бойынша жүргізілетін жұмыстарды қысқа мерзімді жоспарда үнемі көрсету.

5. Білімінде олқылықтары бар оқушылардың топтарымен өткізілетін консультациялардың, кеңес беру кестелерін жоспарлау.\кестесін жасау\.

6. Пән мұғалімдерінің білімінде олқылықтары бар оқушылардың топтарымен өткізілетін консультациялардың, кеңес беру кестелеріне сай өтілуін бақылау.

7. Жаңа оқу жылында оқу пәндері бойынша білім алушылардың білім сапасына жүйелі мониторинг жүргізу кестесін және талдау жұмысының жоспарын дайындау

Әр пән мұғалімі сабақты оқу мақсаттары кіріктірілген (екі сыныптың сәйкес келетін) қысқа мерзімді жоспар негізінде ұйымдастыруын бақылайды. Білім алушылар бойында өзін-өзі бақылау мен бағалауды қалыптастыру мақсатында сұхбаттасып, жекелеген тапсырмалар әзірлей келе тексеріледі. Жаңа сабақтан бұрын кеңес беру кестесі бойынша сабақ жүргізу арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа мақсаттарға қол жеткіземіз. Оқыту барысында білім алушыларға қолдау көрсете отырып, бағыт-бағдар беріледі. Каникул күндерінде кеңес беру арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа оқу мақсаттарына қол жеткізетінімізге нық сеніммен қарауға болады.

Жазғы мектеп күндеріндегі кеңес өткізу кестесі бойынша сабақ жүргізу арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтырылады. Білім алушылардың білімінде туындаған қиындық тудыратын мақсаттарды (тақырыптарды) жою мақсатында қосымша оқу материалдарын дайындалады. Білім алушылардың білімінде туындаған қиындық тудыратын мақсаттарды (тақырыптарды) жою мақсатында жекелеген және топтық қосымша сабақтар өткізіледі. Пән мұғалімдерінің білім алушыларға қолдау көрсету барысында ата-аналармен жұмыс жүргізуін бақылануы тиіс.

Қорытындылай келе қазіргі заман талабына сай еліміздің білім беру жүйесінде көптеген өзгерістер болып жатқаны туралы бәрімізге мәлім. Білім беру саласында оқушылар үшін терең білімнің де, соған сәйкес тәжірибелік дағдылардың да тең дәрежеде маңызды екендігі туралы тұжырым қалыптасты. Әлемді жайлаған пандемия білім саласына да өз әсерін тигізді. Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарындағы оқу процесі екінші жыл әлемді жайлаған пандемияға байланысты көпшілік сыныптардың қашықтықтан оқуына тура келді. Әрине, оқушының мектепке келіп алған біліміне қарағанда үйден оқығанының сапасы жер мен көктей екені жасырын емес. Бұл деген сөз оқушылардың білім деңгейінің төмендеуіне әкеліп соғары белгілі жайт. Балалардың денсаулығы бірінші орында тұрғандықтан қашықтықтан оқу қажеттігі туды. Ендігі мәселе, осы білім алуда кеткен олқылықтарды қалай жоюға болады деген сұрақ төңірегінде ойланып шешім қабылдау.